

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21 сессиясының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 4 "Бұқар жырау ауданының Элеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанды № 6135 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 ақпанды № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 07.02.2024 № 5 шешімімен (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21 сессиясының 2014 жылғы 28 ақпанды № 4 "Бұқар жырау ауданының Элеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2571 болып тіркелген, 2014 жылғы 7 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 13 сәуірдегі № 14 "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Бұқар жырау ауданының Элеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшелерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының:

6-тармақ келесі мазмұндағы 1-3), 1-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-3) 21 - 23 наурыз – Наурыз мейрамы;

1-4) 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;";

9-тармақтың 7) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"адамның иммунитет тапшылығы (АИТВ) вирусы тудыратын ауру балалар;".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сессия төрагасы
Мәслихат хатшысы*

*Г. Хомутова
А. Эли*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК